

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 мамырдағы N 627 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 21 маусымдағы N 767

Бюджеттік ұйымдардың Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына төлейтін сақтандыру жарналары жөніндегі берешегін өтеуді тездету, балалы отбасыларына жәрдемақы төлеуге жұмсалған шығындардың орнын толтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бюджеттік ұйымдардың Зейнетақы қоры алдындағы берешегін өтеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 мамырдағы N 627 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың 30 маусымына дейін жоғарыда көрсетілген процентсіз бюджеттік несие сомасынан 2-қосымшада көзделген 1600 млн. теңгені Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне аударсын;

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бюджеттік ұйымдардың Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеу және балалы отбасыларына жәрдемақы төлеуге жұмсалған шығындардың орнын толтыру жөніндегі берешегін өтеу жөнінде облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен өзара есептеме жүргізісін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі